



8



9



10



11



14



15




17



KazMedic.kz




18



- Крамер шинасын салу кезіндегі көрініс Суретте иық сүйегі сынған кезде Крамер шинасымен тасымалдау иммобилизациясын жасау: а — шинаны әзірлеу; б — таңу. Науқасты шина салып, тасымалдаған кезде қай жері ауыратынына байланысты түрлі жағдайда жатқызады: Басы зақымдалса — басын жұмсақ дөңгелекке жатқызып, қырын қаратады. Басын мойынға салынған Шанц шинасы көмегімен де, зембілге таңып та бекітуге болады. Науқасты жатқызып тасымалдайды. Трахея, өңеш жарақаттанғанда мойнын таңып, басын алға иеді, шалқайтып отырғызып тасымалдайды. Мойны жарақаттанғанда Шанц шинасымен мойнын орап бекітеді. Ол басын тіреп, қозғалтпайтындай болуы керек. Немесе тақтайға басын, мойнын, кеудесінің жоғарғы жағын жатқызып, байлап бекітеді. Жатқызып тасымалдайды. Кеудеде қабырғалар, төс сынғанда, кеуде органдары жарақаттанғанда жарасын байлап, шалқайтып отырғызып тасымалдайды. Іш органдары ауырғанда жатқызып, басына көпшік салып, тізесін сәл бүгіп тасымалдайды


- . Омыртқалар жарақаттанған кезде науқасты қатты зембілге жатқызады, бел астына кішкентай көпшік салып, тізесінің астына валик салып, науқасты зембілге таңып тастайды немесе зембілге етпетінен жатқызады. Жауырын, бұғана, қол сүйектері зақымданған кезде қолды шынтақтан бүгіп, денеге келтіріп, мойнына асып қояды. Жамбас сүйек сынғанда қатты зембілге жатқызып, тізелерін сәл бүгіп, тізе астына биік валик салады, екі аяғын екі жаққа қарай алшақтатып, науқасты зембілге таңып қояды, басына көпшік салады. Аяғына зақым келсе, Дитерихс, Крамер шинасын таңып, ауыратын аяғын жоғары көтеріңкі қылып зембілге жатқызып тасымалдайды. Транспорттық (тасымалдайтын) Дитерихс, Крамер шиналарын т.б. шиналарды пайдаланып боған соң түзетіп дезинфекциялайды. Таңу ережелері: Таңылатын бөлік қол жететіндей және физиологиялық жағдайда болуы керек. Таңғанда науқастың бет-әлпетіне қарап, ауырсынбай ма соны бақылап отырады. Бинтті солдан оңға, шеттен ортаға қарай орайды. Бір қолмен бинтті жазып, бір қолмен оны түзеп жатқызады. Гипс таңғыш — тез қататын, емдеуге қолданылатын таңғыш. Гипс ұнтағы мен бинттен жасалынады.

- Гипс- сұр түсті сульфат кальций ұнтағы, сумен араластырған кезде тез қатады. Оны гипс таңу кабинетінде дайындап таңады. Гипс таңғыш түрлері: 1.бітеу, 2 алмалы-салмалы (лонгета). 3. «етік». 4 «жаға». 5. «корсет». 6 «коксит». 7. «кроватька». 8. «тутор» және т.б. Гипс таңғышы салынатын бөлік физиологиялық ұтымды жағдайға келтіріліп, 2 көрші буын бекітіліп, шошайған сүйек тұстарына бір уыс мақта салынады. Тері мен гипс бинті арасына гипс күйігінен сақтау үшін бір қабат мата төсейді. Бір сағат бойы гипс салынған адамды қадағалап, таңғыш қыспай ма, еті көгеріп, ісіп, ауырмай ма, соны сұрап тұру керек. Фельдшер медпункт жағдайында амбулаториялық науқасқа тек лонгета сала алады. Егер гипс таңғышы қысып тұрса, оны кесіп, босатып қайта салады. Салынған гипс таңғышына травма алған уақыты, гипс салынған уақыт, шамамен гипсті шешетін уақыт қарындашпен белгіленеді. Ауруханада емделіп жатқан травмалық науқастарға неше түрлі емдік шиналар салады. Олар Илизаров, Белер, ЦИТО шиналары және т.б. шиналар. Оларды сынған бөлікті иммобилизация үшін таңып, сынық бітіскен соң алып тастайды.



в) шытақ буынына спирал тәріздес таңғыш қою.






6 сурет. Кеудедегі
таңғыш



а) спиралды
тәріздес




б) масак

6 сурет. Кеудедегі
таңғыш



а) спиралды
тәріздес



б) масак

